

**САН ЕСІМНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ,
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ, СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ**

Асем Жолдас қызы Сирлибаева

Шыршық мемлекеттік педагогока университеті

Гуманитар пәндер факультеті

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының студенті

Ғылыми жетекші: Гулжан Азизбековна Анарбекова

Аннотация: Негізгі сөздер де өзара мағыналары мен формалары жағынан және қызметтері жағынан бірдей емес, негізгі сөздер өз ерекшеліктеріне қарай есім сөздер және етістік сөздер бөлім екі топқа бөлінеді.

Кілтті сөздер: кішірейту мағынасы, сол форма, бөлек жазылады, дүрілдеп тараған.

Abstract: Basic words are not the same in terms of mutual meanings and forms and functions, basic words are divided into two groups, nouns and verbs, according to their characteristics.

Key words: the meaning of diminutive, the same form, written separately, scattered.

Көл күрке, ойын сияқты сөздер мағына жағынан заттып я заттық я ұғымның аттарын білдірсе, үлкен, сұр, жақсы, кең, биік деген сөздер заттың түр-түрпаты мен сыр-сипаттарын білдіреді, ал, сегіз, тоғыз, отыз деген сөздер сандық ұғымдарады білдіреді. Сонымен қатар, бұл сөздердің әр тобының өзіне ғана тән, бір-біріне ұқсамайтын қосымшалары да бар. Мысалы, алғашқы үш сөзге -шық, -шік қосыршасын жалғап, оларды кішірейту мағынасында (көлшік, күркешік, ойыншық) айтуға болады, сол форманы екінші (үлкен, сұр, жақсы, кең, биік) және үшінші топтағы сөздерге (сегіз, тоғыз, отыз) жалғап айтуға болмайды. Керісінше, екінші топтағы сөздерге -(і) -рек, -(м) -рак, я, -лау, -леу, -тау, -теу қосымшаларын жалғап, шырай категориясын жасауға болады (үлкенірек, жақсырак, үлкендеу) сұрлау, жақсылау) ал бірінші (көл; күрке, ойын) және үшінші (сегіз, тоғыз, отыз) топтағы сөздерге бұл қосымшалар жалғанбайды. Сондай-ақ үшінші топтағы сөздерге -ыншы, -інші қосымшасын жалғап, есептік сан есімдерден реттік сан есімдер туғызуға болса (сегізінші, тоғызыншы, отызыншы), сол форманы басқа топтағы сөздерге жалғауға болмайды. Зат есім, сын есім, сан есім; есімдік сөздердің бәріне бірдей, бәріне ортақ тұлғалық категориялары — көптік, тәуелдік, септік жалғаулары болғандықтан, олар жинақты түрде есім сөздер я есімдер тобы деп аталады. Сан есімнің түрлері, жасалу жолдары. Сан есімдер мағынасына қарай алты түрге бөлінеді:

1) есептік, 2) реттік, 3) жинақтық, 4) бөлшектік, 5) топтау, 6) болжалдық сан есімдер.

1. Есептік сан есім дегеніміз бір өңкей заттардың, нәрсенің дәл санын көрсету үшін қолданылатын сандар. Есептік сан есімдер неше? қанша? Деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы: он бес оқушы, жиырма мектеп, мың қой. Есептік сан есім заттың дәл санын білдіру үшін қолданылатын болғандықтан, зат есім сөзімен тіркесіп айтылғанда септелмейді, тәуелденбейді, өзгеріске ұшырамайды. мысалы, бес оқушы, бес оқушының, бес оқушыға, бес оқушыны, бес оқушыда, бес оқушыдан, бес оқушымен, бір кітабым бар, бір кітабың бар, бір кітабы бар. Ал есептік сан есім зат есімге тіркесіп айтылмай, санды белгі ретінде қолданылса, зат есімнің үлгісімен септеледі Мысалы: бір жүз елуден қырық бесті кемітсе, бір жүз бір қалады. Жетіні беске көбейтсе, отыз бес болады. Күрделі сан есімдер бөлек жазылады: қырық алты, бір мың тоғыз жүз. Бір жүз елу алтыншы, қырық-елу т, б.

Цифрмен жазылған сан есімдерге қосымшалар қысқа сызықша (-) арқылы жазылады. Мысалы, ол биыл 45-ке шығады. 60-ты 7-ге қалдықсыз бөлуге келмейді.

2. Реттік сан есім дегеніміз заттың реттік, қатар санын білдіретін сан есім сөздер. Есептік сан есімдерге дауысты дыбыстардан кейін –ншы, -нші, дауыссыз дыбыстардан кейін -ыншы, -ініл жұрнақтары жалғану арқылы реттік сан есім жасалады. Мысалы: алтыншы, тоғыз-ыншы, екі-нші, бес-інші, екі жүз он жетінші. Реттік сан есім тудыратын жұрнақтар күрделі сандардың ең соңғы санына ғана жалғанады. Мысалы: бір мың тоғыз жүз сексен бесінші жыл. Жай цифр арқылы таңбаланатын реттік сан есім ме оған жалғас айтылатын зат есімнің арасына қысқа сызықша (-) қойылып жазылады. Мысалы: 2-бригада (екінші бригада) 5-класс (бесінші класс). Рим цифры арқылы таңбаланатын реттік сан есім мен оған жалғаса айтылатын зат есімнің арасына ешқанда белгі қойылмай жазылады. Мысалы: XIX ғасыр қазақ әдебиеті. XI класс оқушылары. Жай цифр арқылы таңбаланған реттік сан есімнен соңынан жыл, ай аттары тіркесіп айтылатын болса да, екі араға ешқандай белгі қойылмай жазылады. Мысалы: 1993 жылы 29 сәуірде Қазақстан республикасының Мемлекет наградалары туралы заңы жарияланды. Жинақтық сан есім. Белгілі нәрселердің дәл сан білдірмей, затпен тіркесіп айтылмай, бірнеше нәрселер, жалпы есебін топшылап, жинақтап көрсететін сандық атау жинақтық сан есім деп аталады. Жинақтық сан есім нешеу? деген сұраққа ғана жауап береді. Өзі тек жетіге дейін ғана саналады да, есептік сан есімнің үстіне -ау, еу жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар жалғанғанда, алты, екі, жеті деген сөздің соңындағы қысаң ы, і дауысты дыбыстары сөздерді айтуда да, зылуда да сусып, түсіп қалып отырады. Мысалы: бір-еу, екі-у, -екеу, үш-у, төрт-еу, бес-еу, алты-ау, алтау, жеті-еу, -

жетеу. Жинақтық сан есімдер даралап саналатын зат есім сөзінен кейін айтылып, жалғаусыз күйінде әрқашан да сөйлемнің аяғында келіп, баяндауыш қызметінде қолданылады. Мысалы: Біздің мектепте кабинет жетеу. Әр кабинетте терезе төртеу.

4. Бөлшектік сан есім. Заттардың сан есебі үнемі бүтін сандар арқылы бола бермейді, кейде бір бүтін нәрсенің белгілі бөлшектерін де есептеледі. Бір бүтін нәрсенің белгілі бөлшектерін есепке алу үшін қолданылатын сан есімнің түрін бөлшектік сан есім дейді. Бөлшектік сан есімдер есептік сан есім сөздеріне септік, тәуелдік жалғауларының жалғанып тіркесіп айтылуы арқылы жасалады. Оның жасалуының екі түрлі жолы бар:

а) Бөлшектің бөлімін білдіретін сөз ілік септік тұлғасында тіркесіп айтылуы арқылы жасалады. Мысалы: төрттің бірі бестің екісі, алтының төрті, сегіздің бесі.

ә) Бөлшектің бөлімін білдіретін сөз шығыс септік тұлғасында, алымды бөлігі жай септеудің атау тұлғасында айылуы арқылы жасалады. Мысалы: бестен үш, сегізден бір үштен бір, төрттен екі, оннан алты. Сонымен қатар, бөлшектік сан есімдер жарты, жарым, ширек деген сияқты дара сөздермен де келе береді.

5. топтау сан есім. Затты даралап, санамай, топ-тобымен санау үшін қолданылатын сан есімнің түрі топтау сан есім деп аталады. Топтау сан есімдер есептік сан есім сөздерінің бір түбірін қайталап немесе екі түрлі түбірін қосарлап, соңғысын шығыс септік жалғау тұлғасында қолдану арқылы жасалады да, нешеден? қаншадан? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: екі-екіден, төрт-төрттен, он-онбестен, жиырма-отыздан, елу-алпыстан т.б. Топтау сан есімдер тұлғалық көрінісі жағынан қос сөз ретінде қолданылатын болғандықтан, олар сөзбен айтыла да, цифрмен аталаса да арасына қысқа сызықша (-) қойылып жазылады. Мысалы: Оқушылар екі-екіден сапқа тұра қалды. Колоннадағы адамдар 4—4-тен қатар келе жатыр.

6. Болжалдық сан есім. Заттың дәл санын білдірмей сандық шамасын болжап көрсететін сан есім болжамдық сан есім деп аталады. Болжалдық сан есім сөздері есептік сан есімдерден мынадай жолдармен жасалады:

а) Есептік сан есім сөздеріне -лаған, -леген, -даған, -деген, -таған, -теген, -лап, -дап, -деп, -тап, -теп жұрнақтары жалғану арқылы жасалады, Бұл жұрнақтар көбіне ондық, жүздік, мыңдық сандарға жалғанады. Мысалы: жиырма лаған, ондаған, елулеген, қырықтаған, жүздеген, мыңдаған, жиырма лап, елудеп, отыздап, қырықтап. ә) Есептік сан есім сөздеріне көптік жалғау қосымшасы жалғанып, одан кейін септік жалғауларының бірі жалғану арқылы да болжалдық сан есім жасалады. Мысалы: жиналыс сағат сегіздерде басталды.

б) Есептік сан есім сөздерін қосарлап қолдану арқылы да болжалдық сан есім тудыруға болады. Мұндай сандар қос сөз ретінде қысқа сызықша (-) арқылы жазылады. Мысалы, біздің мекемеде сегіз-тоғыз жүк машинасы бар. Кейде

қосарланып айтылған есептік сан есімнің соңғы сыңарына -лаған, -даған, -таған, -лап, -дап, -тап жұрнақтары жалғанып та айтылады. Мысалы: он бес-жиырма-лаған, жиырма-отыздаған, отыз қырықтаған, алпыс жетпістеген.

в) Есептік сан есім сөздерінің көйін шақты, шамалы, қаралы, тарта, таман, жақын, жуық сияқты сөздердің тіркесіп айтылуы арқылы да болжалдық сан есім жасалады. Сан есім сөздеріне тіркесіп айтылатын шылау сөздер үнемі бөлек жазылады. Сан есім, көбінесе, зат есімнің алдында ешқандай қосымшасыз қабыса байланысып, дара, күрделі немесе қосарланып тұрып та анықтауыш болады. Мысалы: 1. Осы күні Абай атындағы бұл университетте шет елдерден 360 қыз бен жігіт оқып жүр (Т. А.). 2. Алпысыншы жылдарда Қазақ жастары арасында дүрілдеп тараған белгілі әндер — Еспаев пен Қалдаяқовтікті (М. Қ.)

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі (морфология). Алматы. 1991 ;
2. Ш.Бектұров. Қазақ тілі (фонетика, лексика, морфология, синтаксис). Алматы. 2006;
3. К.Аханов. Тіл білімінің негіздері. Алматы. 2010;
4. George Yule. The Study of Language. CAMBRIDGE UNIVERSITY PRESS. 2010;